



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## №33 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### «QAZAQSTAN KONSTITÝSIASYNNA 25 JYL» коллекциялық монеталарын айналысқа шығару туралы

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы 25 тамыз

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мельхиор қоспасынан номиналы 200 теңгелік және нейзильбер қоспасынан номиналы 100 теңгелік «QAZAQSTAN KONSTITÝSIASYNNA 25 JYL» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады. Монеталарды шығару Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына орайластырылған.

#### «QAZAQSTAN KONSTITÝSIASYNNA 25 JYL» монеталарының сипаттамасы:

Монеталардың бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Сол және оң жағында - ұлттық ою-өрнек элементтері. Нейзильберден жасалған монетаның төменгі бөлігінде номиналын білдіретін «100 TEŃGE» жазуы бар, ал мельхиордан жасалған монетаның астында «200 TEŃGE» жазуы орналасқан. Айналдыра «QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI • NATIONAL BANK OF KAZAKHSTAN» деген жазбалар бар.

Монеталардың сыртқы жағында (реверсінде) елдің негізгі заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясын бейнелейтін ашылған кітаптың айшықты бейнесі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бар. Жоғары жағында соғылған жылын білдіретін «2020» деген жазба бар. Айналдыра «QAZAQSTAN KONSTITÝSIASYNNA» және «25 JYL» деген жазбалар бар.

#### Мельхиордан жасалған монеталардың бейнесі



#### Нейзильберден жасалған монеталардың бейнесі



**Техникалық өлшемдері:**

«Proof-like» сапалы монеталар МН 25 мельхиор қоспасынан, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, номиналы 200 теңгелік, таралымы 3000 данада дайындалды. Монеталарда алтындату технологиясы қолданылған.

«Uncirculated» сапалы монеталар МНЦ 15-20 МНЦ 15-20 қоспасынан, массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, номиналы 100 теңгелік, таралымы 50 000 данада дайындалды. Монеталар коллекциялық құны бойынша сатуға арналған.

Номиналы 200 теңгелік және 100 теңгелік коллекциялық монеталар төлемдердің барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында олардың белгіленген құнымен қабылдануға, сондай-ақ банк шоттарына есепке алынуға және аударылуға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Мельхиор қоспасынан дайындалған монеталар кәдесыйлық орамда шығарылады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:**

+7 (717) 2 775 205

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)